

***Ілияс  
Жансүгіров  
(1894 - 1938)***



Ілияс Жансүгіров 1894 жылы 1 мамырда бұрынғы Қапал уезі, Ақсу болысында (Алматы облысы, Ақсу ауданы) туған. Әйгілі ақын, драматург, сөз ақын, драмашы, прозашы, оның поэзиясы ұлттық әдебиеттің классикалық байлығының қатарына жатады. Ақынның терең идеялы, көркем мүсінді, эпикалық кең тынысты шығармаларының танымдық, тәрбиелік мәні зор. Олар қалың оқырманның ойына ой, сезіміне сезім қосады, қиялына қанат бітіреді, эстетикалық ләззат беріп, гуманистік адамгершілік идеяларды толғайды. Ескіше хат танитын, шағатай тілдеріндегі кітаптарды жинайтын, аңыз-ертегілерді, батырлық жырларды, тарихи оқиғаларды, әңгіме-шежірелерді жақсы білетін, көкерегі ояу, көзі қарақты, әр түрлі өнерді ұстаған әңгімеші, домбырашы, ұста, көшелі Жансүгір анасынан ерте қалған Ілиясты жетімсіретпей, еркелетіп, жақсы үлгі көрсетіп, тәрбиелеп өсіреді.



**Халқымыздың құт-береке дарыған, ежелден ақындық, батырлық, даналық мекені Жетісу өлкесінің перзенті Ілияс көкірегіне жас күнінен бастап ән мен жырдың, өлең мен күйдің небір асыл нұсқалары ұялаған. Өз үйінде, әкесінен хат таныған, одан соң молда алдын көрген Ілияс біраз уақыт Карағаш деген жердегі татар үлгісіндегі мектептен оқып, әр түрлі пәндерден сабақ алады. Бұдан кейін тұрмыс жағдайы билеп шаруа күйттеп, тіршілік қарбаласына араласып катеді.**

**Жастық қиял, арман толқулары, ауыл көріністері, табиғат суреттері оның жүрегін қозғап, тіліне ұйқасты сөздер оралып, өлең шығара бастайды. 1920 ж. Ілияс Алматыға келіп, үш айлық мұғалімдер курсын бітіреді. Артынан Ташкенттегі Қазақ ағарту институтының жанындағы қысқа мерзімді курсте бес-алты ай оқыған.**

## Қысқаша өмірбаяны

- [Қарағаш](#) ауылында жәдитше бастауыш мектепті бітіреді. Болашақ ақынның бұдан соңғы біраз уақыты ауылда өтеді.
- [1919](#) жылы. [Ташкенттегі](#) екі жылдық мұғалімдік курсқа түседі. Оны бітірген соң өз ауылында мұғалім болып, кейін «[Тілші](#)» газетінде қызмет атқарады. [1922](#) жылы [Верныйдағы](#) (Алматыдағы) [Қазақ ағарту институтының](#) меңгерушілігіне тағайындалады. [1925](#) жылы [Мәскеудегі Журналистика институтына](#) оқуға түсіп; [1928](#) жылы бітіріп шыққан соң, «[Еңбекші қазақ](#)» газетіне қызметке жіберіледі. Жансүгіров шығармалық жұмыспен қатар [Қазақстан Жазушылар одағын](#) ұйымдастыру ісіне де белсене қатысқан. Бұрынғы [ҚазАПП \(1926\)](#) таратылған соң; [1932](#) жылы Жазушылар одағын ұйымдастыру комиссиясының төрағасы болып сайланып; [1934](#) жылы өткен 1-съезге дейін қызмет істейді. Съезде Қазақстан Жазушылар одағының алғашқы төрағасы болып сайланды. [1934–1937](#) жылдары [Қазақ](#) саяси баспасының редакторы, сонымен бір мезгілде; [1933–1936](#) жылдары Қазақ АКСР-і ОАК-нің мүшесі болды. [1937](#) жылы жалған саяси айыппен тұтқындалып; [1938](#) жылы ату жазасына кесілген. [1958](#) жылы ақталды.

# Еңбектері

Жансүгіров өлең жазуды [1912](#) жылы бастаған. Оның «[Балдырған](#)», «[Қызыл жалау](#)» атты өлең дәптерлері кейін, [1957](#) жылы [Ұлттық кітапханадан](#) табылды. Жансүгіровтың баспа бетін көрген алғашқы туындылары – «Сарыарқаға», «Тілек» деген өлеңдері. Бұлар [1917](#) жылы Семейде шығып тұрған «[Сарыарқа](#)» газетінде жарияланған. [1923](#) жылы «[Сана](#)» журналында «[Мерген Бөкен](#)» әңгімесі басылып шықты. Осыдан соң Жансүгіров өлеңдері «Тілші», «Ақжол», «Кедей еркі» газеттерінде жиі жарияланып жүрді. Осыдан былай қарай Жансүгіров халқына қаламы ұшталған, терең ойлы, талантты ақын ретінде мәшһүр болды. Жансүгіров шығармаларының бастау алар арнасы – қазақ халқының бай ауыз әдебиеті, Абай поэзиясы, орыс және дүние жүзі әдебиетінің озық үлгілері. Оның шығармалары сан салалы, көп қырлы. Жансүгіров халықтың бай фольклорын жинасуға, оның озық үлгілерін халық игілігіне айналдыруға, басылып кітап болып шығуына үлкен үлес қосқан. Олардың озық үлгілерін өзі жазған мектеп оқулықтары мен хрестоматияларына енгізіп, мектеп оқушыларының халықтық тарихынан, өткен өмірінен хабардар болуына зер салған. Жансүгіров әдебиет сынына да араласып, әдеби көркем сын жанрының дамуына ат салысты. Ол [А.С.Пушкиннің](#), [М.Ю.Лермонтовтың](#), Н.А Некрасовтың, [М.Горькийдің](#), [Г.Гейне](#) мен [В.Гюгоның](#), Ғ.Тоқайдың, К.Лахутидің шығармаларын қазақ тіліне аударып, қазақ әдебиетінің әлем әдебиетімен байланысын кеңейтті. Республикада бірнеше мектеп, көше, аудан, шаруашылыққа, Талдықорған қ-ндағы Жетісу мемл. ун-тіне оның есімі берілген. Сол қалада ақынның өмірі мен шығарм-на арналған әдеби-мемориалдық мұражай жұмыс істейді.

# I. Жансүгіровтың өлеңдері

- [Арман](#)
- [Арыным](#)
- [Ауылдың алды](#)
- [Ағынды менің Ақсуым](#)
- [Ақшам](#)
- [Біздің күз](#)
- [Боранда](#)
- [Бұлақ бойында](#)
- [Бұлбұлға](#)
- [Бұлт](#)
- [Бөбек бөлеу](#)
- [Гималай](#)
- [Домбыра](#)
- [Ел шетінде, жау бетінде](#)
- [Жайлау](#)
- [Жанартау](#)
- [Жас жалшыға](#)
- [Жауын](#)
- [Желді қарағай](#)
- [Жетісу суреттері](#)
- [Жүдеу жүрек](#)
- [Кім екен?](#)
- [Күн шыққанда](#)
- [Көктемде](#)
- [Көлге](#)

- [Көші-қон](#)
- [Не күйде](#)
- [Орақ науқаны](#)
- [Оқимын](#)
- [Сабын](#)
- [Сапарда](#)
- [Саптыаяқ](#)
- [Тас](#)
- [Тас шешей](#)
- [Толғау](#)
- [Шаттық жыры](#)
- [Қазақ қызы](#)
- [Қақпан](#)
- [Қырман](#)
- [Қыс](#)
- [Ұршық](#)
- [Әнші](#)
- [Әншіге](#)

# I. Жансүгіровтың поэмалары

- [Күй](#)
- [Күйші](#)
- [Құлагер](#)
- [Дала](#)

Тарихи тақырыпта «Кек» (1931), «Түрксиб», «Исатай – Махамбет» (1936) атты драмалық шығармалар жазды, «Жолдастар» романы (1935) жарық көрді.

Ақын халықтың бай фольклорын жинауға, оны бастырып, халық игілігіне айналдыруға көп еңбек сіңірді. Әдебиет сыны мен аударма саласында да мол жұмыс атқарды. А.С.Пушкиннің көптеген өлеңдерін, «Евгений Онегин» романын қазақ тіліне алғаш толық аударды (1937). М.Ю.Лермонтовтың «Ақынның өлімі», «Тұтқын», «Қанжар», Н.А.Некрасовтың «Темір жол», М.Горькийдің «Дауылпаз», В.В.Маяковскийдің «Лениншілер» сияқты туындыларын тәржімалады.

Ол он беске жуық поэма жазды. Бұлардың кейбірі («Рүстем қырғыны», 1926; «Байкал», 1937) ақынның көзі тірісінде жарияланған жоқ. Ал «Мақпал», «Исатай» (1937), «Көбік шашқан» поэмалары аяқталмай қалды. «Көмпеске» (1928), «Мәйек» (1929), «Жаңа туған» (1933), «Жорық» (1934) поэмаларында жаңа заман шындығын эпикалық үлгіде кең толғап жырлауға талпына отырып, тың тақырыптың қиындықтарына да кездесті.

Қазақстанның бірсыпыра ауыл мектептері және Талдықорған қаласындағы Жетісу мемлекеттік университеті оның есімімен аталады. Ақынның таңдамалы шығармаларының бір томдығы (1958), толық жинағының 5 томдығы (1960–1966) баспадан шықты. Қазақстан Жазушылар одағы І.Жансүгіров атындағы әдеби сыйлық.